

**2007-2010 жылдарға арналған "Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салу" жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 26 наурыздағы N 67-ө  
Өкімі

2007-2010 жылдарға арналған "Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салу" жобасын іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2007-2010 жылдарға арналған "Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салу" жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы:

1) Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) ай сайын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғ ы

N 6 7 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

**2007-2010 жылдарға арналған "Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салу" жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

N P/ с	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	"Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салу" жобасын іске асыру шеңберінде бейінді мектептер мен	ЭБЖМ-ге ұсыныс	Б Ғ М (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалалары-	

	мектеп-интернаттар құру жөнінде ұсыныс енгізу		н ы ң әкімдері	2007 жылғы наурыз
2	Белгілі өлшемдерді ескере отырып, өңірлер бөлінісінде мектептердің тізбесін қалыптастыруды аяқтау	ЭБЖМ-ге ақпарат	Б Ғ М (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы наурыз
3	Белгілі өлшемдерді ескере отырып, өңірлер бөлінісінде денсаулық сақтау объектілерінің тізбесін қалыптастыруды аяқтау	ЭБЖМ-ге ақпарат	Д С М (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы наурыз
4	2007 жылдың республикалық бюджетін нақтылау кезінде мектептер мен денсаулық сақтау объектілерінің үлгі жобаларын әзірлеуге арналған шығыстарды қаржыландыру жөнінде ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ-ге ұсыныс	И С М (жинақтау), БҒМ, ДСМ	2007 жылғы наурыз
5	2007 жылдың республикалық бюджетін нақтылау кезінде жобаны іске асыру шеңберінде қолда бар жобаларды бекітуге және жаңа мектептерді салуды бастауға арналған шығыстарды қаржыландыру жөнінде ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ-ге ұсыныс	БҒМ	2007 жылғы наурыз
6	2007 жылдың республикалық		ЭБЖМ	

	<p>бюджетін нақтылау кезінде шығыстарды қаржыландыру мәселесін Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу:</p> <p>а) үлгі жобаларды әзірлеуге және мектептерді салуды бастауға;</p> <p>б) денсаулық сақтау объектілері бойынша үлгі жобаларды әзірлеуге</p>	Р Б К шешімі		2007 жылғы сәуір
7	<p>Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде үлгі мектептер мен денсаулық сақтау объектілерін салу туралы ұсыныстар енгізу</p>	ЭБЖМ-ге ұсыныс	БҒМ, ДСМ	2007 жылғы сәуір
8	<p>Тартылған қаражат есебінен мектептер мен денсаулық сақтау объектілерін салуды қаржыландыру схемасы жөнінде ұсыныстар енгізу</p>	ЭБЖМ-ге ұсыныс	Э Б Ж М (жинақтау), "Қазына" ОДҚ" АҚ, Қаржымині, БҒМ, ДСМ	2007 жылғы 2 сәуір
9	<p>Әлеуметтік объектілерді салу бойынша акционерлік қоғам құру жөнінде ұсыныс енгізу</p>	ЭБЖМ-ге ұсыныс	ИСМ(жинақтау), "Қазына" ОДҚ" АҚ, ЭБЖМ, Қаржымині	2007 жылғы наурыз
10	<p>Мектептер мен денсаулық сақтау объектілерін салу үшін жер учаскесінің және инженерлік-коммуникациялық жүйелердің болуы туралы ақпарат ұсыну</p>	ЭБЖМ-ге ақпарат	Б Ғ М (жинақтау), ДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы наурыз
11	<p>Мектептердің түрлерін айқындау және мектептердің үлгі жобаларын дайындау жөнінде</p>	ЭБЖМ-ге ақпарат	Б Ғ М (жинақтау), ИСМ	

	техникалық ерекшелігін әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу			2007 жылғы 30 наурыз
12	Денсаулық сақтау объектілерінің түрлерін айқындау және денсаулық сақтау объектілерінің үлгі жобаларын дайындау жөнінде техникалық ерекшелігін әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ-ге ақпарат	ДСМ (жинақтау), ИСМ	2007 жылғы 30 наурыз
13	Салу қолда бар жұмыс жобаларын қолданып жүзеге асырылатын мектептердің тізбесін айқындау	ЭБЖМ-ге ақпарат	БҒМ (жинақтау), ИСМ	2007 жылғы 10 сәуір
14	Қолда бар жобаларды нақты жергілікті жерлерге білім беру объектілері бойынша бекітуді қамтамасыз ету	ЭБЖМ-ге ақпарат	Б Ғ М (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы сәуір
15	2007 жылы мектептер салуды бастауға конкурс өткізу жөнінде ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ-ге ақпарат	Б Ғ М (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы мамыр
16	Мектептер мен денсаулық сақтау объектілерінің үлгі жобаларын әзірлеуге халықаралық конкурс өткізу жөнінде ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ-ге ұсыныс	ИСМ, БҒМ, ДСМ	2007 жылғы мамыр

17	Қолда бар сметалық нормативтер негізінде құрылыстың құнын айқындай отырып, үлгі мектептер мен денсаулық сақтау объектілерін салу жөнінде 2008 жылға арналған бюджеттік өтінімді әзірлеу	ЭБЖМ-ге ақпарат	БҒМ, ДСМ, ИСМ	2007 жылғы мамыр
18	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына "Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салу" жобасын іске асыруға байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде шаралар қабылдау	ЭБЖМ-ге ақпарат	ЭБЖМ, Әділетмині, БҒМ, ДСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ	2007 жылғы шілде
19	Заңнамада белгіленген тәртіппен мектептер мен денсаулық сақтау объектілерінің үлгі жобаларын әзірлеуді қамтамасыз ету	Уәкілетті органның бұйрығы	ИСМ, БҒМ, ДСМ	2008 жылғы сәуір
20	Үлгі жобаларды нақты жергілікті жерге бекітуді қамтамасыз ету (жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу, жер учаскелерін бөлу және техникалық шарттар беру)	ЭБЖМ-ге ақпарат	БҒМ, ДСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылғы шілде
21	Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде үлгі мектептер мен денсаулық сақтау объектілерін салу жөнінде халықаралық конкурс өткізу	ЭБЖМ-ге ақпарат	БҒМ, ДСМ, ИСМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, облыстардың, Астана және Алматы	

			қалалары- н ы ң әкімдері	2008 жылғы шілде
22	Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде үлгі жобалар бойынша мектептер мен денсаулық сақтау объектілерін салуды қамтамасыз ету	ЭБЖМ-ге ақпарат	БҒМ, ДСМ, И С М , "Қазына" ОДҚ" АҚ, облыстар-дың , Астана және Алматы қалалары-н ы ң әкімдері	2008-2010 жылдар
23	"Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салу" жобасын іске асыру шеңберінде салу жоспарланған мектептер мен денсаулық сақтау объектілерін тиісті кадрлармен жасақтау және ұстау жөнінде шаралар қабылдау	ЭБЖМ-ге ақпарат	БҒМ, ДСМ	2007 жылғы тамыз
24	Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салуды қаржыландыруға кәсіпкерлерді тарту мәселесін пысықтау	ЭБЖМ-ге ақпарат	И С М (жинақ-тау) , "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің жалпыұлт-тық одағы (келісім бойынша)	2007 жылғы сәуір
25	Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 100 мектеп және 100 аурухана салуды қаржыландыруға жер қойнауын пайдалану-	ЭБЖМ-ге ұсыныс	Э М Р М (жинақ-тау) , "Атамекен" Қазақстан-дық кәсіп-керлер және	

	шыларды тарту мәселесін пысықтау		жұмыс берушілердің жалпы ұлттық одақ (келісім бойынша)	2007 жылғы сәуір
26	Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін салу жоспарланған елді мекендердегі білім беру және денсаулық сақтау қызметкерлеріне тұрғын үй құрылыс жинақтау жүйесі арқылы тұрғын үй салу жөнінде ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ-ге ұсыныс	И С М (жинақтау), БҒМ, Д С М, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы сәуір
27	Шағын орта бизнесті атап айтқанда, құрылыс индустриясы мен білім беру және денсаулық сақтау объектілерін салу жоспарланған елді мекендерде дамыту үшін жағдай жасау жөнінде ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ-ге ұсыныс	И С М (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы сәуір

## Е с к е р т п е

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі  
И С М - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі  
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі  
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
"Қазына" ОДҚ" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы